

Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАГЫ
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. Уалиханова



Меншік иесі Ш. Уалиханов атындағы Кокшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор
Абжапаров А.А., д-р тех. наук, профессор

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмышева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шалауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Акана-сері, 24.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 72-11-12;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

№ 2 / 2016

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Громова О.В.

2008 жылдан бастап шығады
Жылдан 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуга 29.06.2016 ж. көл койынды.
Пишимі 60x84 1/12.
Кітап-журнал кагалы.
Колемі 21,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 140.

Подписано в печать 29.06.16 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 21,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 140.

Ш. Уалиханов атындағы КМУ
баснаханасында басылған

Опечатано в типографии
КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

Кемелбек Б.М. Қазак және ағылшын тілдеріндегі жарнама мәтіндері және аударма	146
Құрманова Н.Е. Қазак және ағылшын тілдеріндегі ұлттық мәдени-нышанды фразеологизмдердің пайда болу негіздері	151
Сарсенбаева А.С., Кулажметова М.С. Изучение проблемы заимствования в русском языке в русле антропоцентрической парадигмы	156
Tajibayeva A.A. Semantic features of the concept “Love” in English, Kazakh and Russian paremiology	162
Шайбакова Д.Д. Выявление потенциальной интерференции в билингвальной коммуникации	170

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Абikenов М.Т., Жумабекова Б.Қ., Каринжанова Г.Т. Мәшінүр Жүсіп шығармаларының тілдік ерекшеліктері.....	176
Амренов А.Д. Абай поэзиясындағы тәуелсіз ел идеясы	182
Амренов А.Д., Қабышев Т.Б. Тайыр Жомартбаевын арнау өлеңдері	188
Асан А.К. Магический реализм прозы А. Кима и О. Бокеева	194
Аймұхамбет Ж.Ә. Азаттық идеясының кенестік кезең поэзиясындағы көрінісі	200
Байтанақова Қ.М. Мәтін және баяндау теориясы	209
Молдахметова С.С., Байгозинова Д.Е. Роль деталей как средство передачи информации в художественном произведении	214
Өтегенова А. Бауыржан Момышұлы құнделігінің тәрбиелік мәні	217
Рахманова Н.М. Поэтикалък әлемдегі мән мен мағына	222
Санинкова А.В. Автоперевод: оригинал и интерпретация Иосифа Бродского	227
Темирова Ж.Г. Вещь как идеально-тематическая и сюжетообразующая художественная деталь в повестях Н.В. Гоголя	232
Тілеуова А.З. Жоқтау өлеңдердегі тарихи кезең шындығы	237
Шакирова Қ.М. Драматургиядағы диалогтың қызметі	242
Шарипова А.С. , Ашкеева М.М. , Жуманова Г.Ж. Фольклерлік мәтін	247
Шортанбаев Ш.А. Жамбыл мұрасы – Мәңгілік елдің миасы	253

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Алибекова К.Е., Баяндин С.Ж. Современные подходы к обучению будущих переводчиков специальной лексике русского языка	259
Альжанова А.Б., Смагулова С.С. О роли тестирования при обучении иностранному языку	265
Бейсенова Ж.С., Утегенова Д.И. Технология развития критического мышления: одно из условий формирования функциональной грамотности студентов	269
Ергожина Ш.Л. Өздік жұмыс түрлері және оны сабакта пайдалану тиімділігі	277
Ергожина Ш.Л. Кейс-стади әдісін колдануда қалыптастырылатын дағдылар	282
Камиева Г.К. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кәсіби қызығушылығын қалыптастыру	287
Қадашева Қ., Омарова С.К. Түркі тілінде сөйлейтіндерге арналған электрондық	

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аникин В.П. К мудрости ступенька: О русских песнях, сказках, пословицах, загадках, пародном языке. – М., 1988. – 174 с.
- 2 Бабенко Л.Г., Васильев И.Е., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – Екатеринбург: Изд-во НЕФА, 2000. – 534 с.
- 3 Бараг Л.Г. О традициях и новаторстве в литературе и устном народном творчестве. 1964. - № 4. - С. 201-232.
- 4 Пешковский А.М. Объективная и нормативная точка зрения на язык // История языкоznания XIX и XX вв. в очерках и извлечениях. – М., 1960. - Ч. 2. – С. 233.
- 5 Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. – М.: «Лабиринт», 2001. – 192 с.
- 6 Пропп В.Я. Трансформации волшебных сказок //Собрание трудов: Поэтика фольклора. – М., 1998.

В этой статье отыскиваются лингвокультурологические аспекты литературного текста, в том числе фольклорных текстов и дается информация о ученых, которые изучали его в каждой стране. Фольклор — художественное коллективное творчество народа, отражающее его жизнь, идеалы, принципы; создаваемые народом и бытующие в народных массах поэзия, песни, частушки, анекдоты, сказки, эпос и т.д. Сказка как фольклорное творчество народа является одним из видов прозы, он встречается в каждой стране и делится на различные типы. Сказка показывает идеологию и мировоззрение каждого народа.

This article demonstrates the linguistic and cultural aspects of a fiction, including folklore stories and information about the scientists who have studied it in every country. The tale is one of the types of prose; it is found in every country and divided into various types. Folklore - art collective creativity of the people, reflecting his life, beliefs, ideals, principles; created by the people and the masses prevalent in poetry, songs, folk songs, stories, fairy tales, epics, etc. The tale is reported as a means of showing ideology and world outlook of every nation.

УДК 82-31

Ш.А. Шортанбаев
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті
Алматы, Қазакстан
shokhan69@mail.ru

ЖАМБЫЛ МҰРАСЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МИРАСЫ

Халық поэзиясының алыбы, жыраулық дәстүрдің, өнердің көрнекті өкілі Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ақынның әдеби мұрасы, ақындық шеберлігі мен суырып салмалық қабілеті туралы талай зерттеулер дүниеге келді.

Мақалада оның ерлік тақырыбындағы өлең-жырлары, елдікті жырлаган айтыс-толғаулары ақын мұрасының ең мәнді де мазмұнды саласын құрайтыны. Ол өлеңдердің бүгінгі үрпақты тәрбиелегүе де үлесі зор. Жамбылдың өлең-жырларында, айтыс-дастандарында елдің өткен тарихы, ерлердің ерлік жорықтары көп жырланған. Халықтың ерлік дәстүрін жырлау идеясы көнеден жалғасқан көркемдік дәстүр үлгісі ретінде ақын шығармашылығынан да жсің көрініп, жаңа шылдық сипаттен дамыды.

Сондай-ақ, мақалада батырлық пен қанаңмандықты жсің жырлаган Жамбылдың өзі өмір сүрген кеңестік дәуірдің шындығы, өмір шежіресі, ерлік өнегесі туралы айтылып, жсан-жсақты қарастырылады.

Мақала соңында Жамбылдың тәгдышын төзінен, уақыттың сұрыптауынан өткен жауғар жырлары бүгінгі таңда да Мәңгілік Ел үстанимын бағдар еткен ел болашағына қызмет ете беретіні накты тұжсырымдалады.

Түйін сөздер: ақын, көркем әдебиет, әдебиеттану, көркемдік дәстүр, иығармалылық, поэзия, жыр.

Көркемдік ойлау нәтижесінде өнер иелері өлмейтін туынды тудыратыны анық. Ұлттық сипатпен ерекшеленетін әр халықтың өнер туындылары көркемдік ойлаудың шеңберінде жүзеге асатыны да мәлім. Сөз өнерінің дүлдүлдері дүниеге әкелетін шыгармалар көркемдік, зерделілік танымымызды терендестіп, рухани нәр, көркемдік қуат беретінін, сол арқылы дүниетаным көкжиегі кенеңетінін жоққа шығара алмаймыз. Көркем әдебиетті оқытуда туындыны тек әдеби ғұрғыдан талдал қана оқытуды басшылыққа алу аздық етеді, көркем шыгармалың берер тәрбиелік мәнін ескере отырып, оның адам жанына рухани ләzzat сыйлауға, ізгілендіруге, болмысын кемелдендіруге, парасаттылыққа тәрбиелеуге, отансүйгіштік, елжандылық сезімдерін қалыптастыруға да септігі тиетінін елемеске болмайды. Елді сүюге, жерді қадірлеуге, батырлықты дәріптеуге, айналана, қоршаган органа жанашырылықпен қарауды үйрететін әдеби-көркем туындылардың арнасы ауыз әдебиетінен басталып, күні бүгінгे дейін токтаусыз айтылып, жырланып келеді. Яғни, көркем әдебиеттік оқу арқылы оқушының дүниетанымын, қоршаган ортага, табиғатқа, отансүйгіштікке, елжандылыққа деген көзқарасын қалыптастыруға болады.

Осы орайда халық поэзиясының алыбы атанған, жырши, жыраулық дәстүрдің, өнердің саңлагы саналған Жамбыл Жабаевтың шыгармашылығы қазақ әдебиетінде • ерекше аталатыны мәлім. Ақынның әдеби мұрасы, ақындық алымы мен суырып салмалық қабілеті туралы талай зерттеулер дүниеге келді. Оның ерлік тақырыбындағы өлең-жырлары, елдікті ту еткен айтыс-толғаулары ақын мұрасының ен мәнді де мазмұнды саласын құрайтынын, ол өлөндердің бүгінгі үрпакты тәрбиелеуге де үлесі зор екенін анық аңғарамыз.

Қайшылықты кезеңдерді бастан өткерген ақынның шыгармашылық ғұмырнамасы да талай теперішті көрді. Жамбылдың өнер адамы болып қалыптасуына ескен ортасының, ұлттық салт-дәстүрдің, әдеби мектентердің қаншалықты әсері болғаның, ақын өмір сүрген кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың шыгармашылығынын дамуына тигізген ықпалын бүгінгі күн тұрғысынан түсіндіру, жаңаша көзқарас тұрғысынан найымдау әдеби ортаға, оқырман қауымға он әсерін тигізетінін ескерген жөн. Екі дәүірдің жыршысы атанған ақынның ақындық алымын, өлөндерінің көркемдік қуатшының күшін жоймайтындығын дұрыс түсінуге, халқымыздын басынан өткен тарихи-әлеуметтік жағдайды тақырып өзегі еткен өлең-жырларын дұрыс багамдауға ықпал еткен дұрыс. Елін, жерін, батырларын, Отанын сүйіп өткен, жырға көсқан ақын шыгармашылығын оқыту арқылы ескелен үриакты елжандылыққа тәрбиелеу, ізгі қасиеттерге үндеу, ата дәстүрімізді сыйлау секілді құндылықтарымызды қалыптастыруға жол ашпақызы.

Жамбылды өлең-жырларында, айтыс-дастандарында елдің өткен тарихы, срлердің ерлік жорықтары мейлінше мол қамтылған. Халықтың ерлік дәстүрін жырлау идеясы көнеден жалғасқан көркемдік дәстүр үлгісі реінде ақын шыгармашылығынан да жиі көрініп, жаңашылдық сипатпен дамыды.

Жамбыл айтыстарының негізгі арқауы – елдің мұнды мен ансары, ел бағына туатын, ел корғаны бола алатын асыл азаматтарды жырлау. Құрманбетпен айтысында Сұраншы, Саурық, Сыпатай батырлардың ел бағына тұған ер екенін, олардың ісі өнеге, ерлігі мұра, өлімі ерлік өлім екенін зор шабытпен жырлайды. «Шындықты, әсіресе халықтың ерлігін жырлау сарыны Жамбылдың айтыстарында анық көрінеді»[1, 85].

Сұраншы, Саурық батырим,
Шеніне дүшпан келмеген.
Садағын белгे байланып,
Жауга қылыш сермеген.

Қамын ойлап халқынын,
Тар кезеңді бермеген, -
деп әр батырдың өзіне тән ерлігін, халқы үшін қиған өмірін жырға косады.

Сарбасиен айтысында да осы мәселе алдынан қайта шыққанда, Шапырашты руынан шыккан ерлерді құллі елдін қамын жеген баһадүр бейнесінде суреттейді. Ал Досмаганбетпен қағысуында ел корғаган батырлардың өрлігі мен ерлігін жырлап, «Еліме шапқан жауга қара түнек орнатып, қару-жарагын асынын, Алатрудай айбатын асырған Қарасайдай ерлердің» батырлығымен мактанаады. Жогарыда аталған батырлардың тек рудың мактапы гана емес, берісі өнірдің, арысы құллі казақтың корғаны ретінде бағалайды.

Құлманбет ақынмен айтысында:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сактаған татулықты айт –
немесе:

Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам, -

ден ел бірлігін, татулығын жырлап, елдікті сактар, ел тұтқасын ұстар батырлардың ісін әмандадау керектігін естен шығармайды. Намысты қолдаи бермеген, халқы үшін шәйіт болып жанын берген дей келе, қараормаи қалың жұрты үшін өлтөн оларда арман жоқ деген тоқтамға келеді.

Ақын айтыстарында, әсіресе, Сұранышы мен Саурық есімі ілтипатпен аталып, ерлік күресті шыннылдықпен жыланады. Олардың нақты ерлік іс-әрекеттерін, адами болмысын, отанышыл сезімін де ерекше шабытпен суреттейді. Ел басына киын-қыстау күн туган киын шакта, жауга қаймықпай карсы аттанып, ел тұтастығын сактауға жасаған әрекетін, елдік мұдде мен ерлік рухты биік қойған мақсатын айтап, карсыласына карсы құрал ретінде үтгымды пайдаланаады.

Калын жаудан қаптаған
Қаймығып беті қайтпаған,
Ел тыныштығын сақтаған
Халқы сүйіп мактаған
Ардагер батыр кім еді? –

деген риторикалық арнау түрінде сауал қойып, мұнын арыстан жүректі Саурық батыр екенін алға тартады. Жалпы алғанда, жасынан есіміне, ерлік істеріне қанық болып ескен казак батырларының қаһармандық іс-әрекеттері, жаркын бейнесі ақын шығармашылығынан берік орын алып, жыр-толғауларында да, айтыс-дастандарында да егіз өрімдей қатар өріліп, бірін-бірі толықтырын, елі үшін жанын пида еткен, болашақ ұрнақ қамына алаңдаған ерлердің әдеби-көркем, тарихи тұлғасы халық жадышиң өшнестей болып сомдалған. Сол себепті де белгілі әдебиеттануны ғалым Есмағамбет Үсмайылов Жамбыл айтыстарында сюжеттік мотив кең екенін, оның айтыстарын әрі айтыс ретінде, әрі сюжеттік дастан ретінде тану қажет екенін алға тартады. Ежелгі ерлік дастандары мен казақтың қаһармандық жырларының арасындағы жалғастықты, ол дастандардағы елді сыртқы жаулардан корғау, халқы үшін кан майданға шықкан батырлардың ерлік ісін үлгі ету, бірлікке үшдеу идеясын зерделеген ғалым Немат Келімбетовтің: «Өйткені дәл осы ізгі идеялар араға сан ғасырлар салып барып қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырында өз жалғасын тауып, жана тарихи жағдайда мейлінше кең қанат жая түсті»[2, 16] деген пікірін Жамбыл жырлаган жырларға қатыссыз деп айта алмаймыз.

Сол ерлердің ісін алға анарап, ізін жалғар санлактардың ел ішінде сарқылмайтынына, елдің кегін қуатын ерлердің туатынына секімі зор. Азаттықты, бостандықты аңсайтын ақын рухы елдін ертеніне деген сенімін азайтпақ емес.

Қолына алмас қару ап,
Алатрудан ақырған,
Жауын жеңіп жапырған
Қарасайдай ер туар, -

деп ерлігімен елдін абыроіына бөлөнген ерлердің ізін басар ұландардың үмітін ақтап, халық корғаганына айналар дейтін арман-ансарын да жасырып калмайды.

Күсеп, Сүйінбай, Тілеміс, Майкөт жырлаған Өтеген бейнесі Жамбыл жырлауында ширығын, тарихи һәм эдеби тұлғасы көркем тілмен айшықталип, өзгеше ренқ алып, бояу косқан.

Әдебиетші галым Мұбәрәк Үмбетаев Өтеген батыр жайлыштың оку құралында: «Тарихи тұлға Өтеген Өтеғұлұлының көсемдік және ерлік істеріне катастырытуған жырлардың ішіндегі көркемдік кестесі мен халықтың идеясы басымы әрі бүгінгі әдеби иғілімізге айналып отырғаны ұлы ақын Сүйінбай мен оның аса талантты рухани шекірті Жамбыл жырлаған нұсқалар болып есентеледі»[3, 39], – дей келе, Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздерін сарапал береді. Ел арасына кең тараган бірнеше нұсқасын қатар алыш, салыстырып, батыр өміріне катастырыдерді сүзгіден өткізіп, нақтылай туksen.

Жамбыл дастанында Өтеген батырдың жайлыштың оның іздеу мақсаты, сол мақсатка жету жолындағы көрген киыншылықтары кең қамтылып, суреттеледі.

Ежелгі түркілердің касиетті мекені саналған Өтүкен қойнауы, Асан Қайғы армандаған Жерүйік пен Жиделібайсын жерлерін кие тұту, ардактау арқылы халқымыздың арман-қиялдының, ансар-тілегінің кашан да биқтен табылғаныша күә боламыз.

«Сейтіп, Асан Қайғы тудырып, халық әдебиетінде одан әрі тың нышандармен толыққаи Жерүйік жөніндегі утонияның негізінде бодандықты әлі білмейтін, емін-еркін көшіп қонған қазак қауымын мұнан да керемет кемелдікке жеткізуге болады деген шубәсіз сенімінің жатқаңдығын даусыз еді», [4, 27].

Ел конысы тарылып, қиналған сәтіп көрген Өтеген жақсы жер, жайлыштың іздеу жолындағы сапарға шығады. Еліне құт әкелемін, бақ орнатамын деген ердің асыл арманының жүзеге асуына тілекші болып, елі соңында қала береді. Дастан қаһарманының алдына қойған мақсаты айқын, ойы анық.

Мен табамын, табамын,
Бұлак аккан жерлерді.
Көгі көктен, гүл жарып,
Құрақ атқаң жерлерді.
Жұт болғызбай, құт қонған,
Қой үстіне бозторғай
Жұмыртқалап, бақ қонған,
Сүйікті казақ халқына
Ұнап жатқан жерлерді.

Жамбыл жырлауынан бұл Өтегеннің гана емес, сол тұста отарлаушы елдің қыснағын көріп отырған дүйім жүрттыш, қазақ халқының арманының көрінісін сезгендейміз. Санғасыр аңдысқан жаудан, анталаган дұшпаннан теперіш көріп келе жақсан халқымызға мәңгілік жайлыштың мекен, Бақыт тұрактаган жер, Құт дарыған коның ұсынған өршіл идеяны, асқақ арманды аңғарамыз. Жырда Өтегеннің ой-арманы мен халық тілегі жымдастырып, тұтастық құраган. Шығарманың өн бойында әнсана-хикая, аныздық желі қатар өріліп отырғанмен, Өтегеннің батырлық тұлғасы, ақыл-парасаты, ерік-жігері шынайы сомдалып, елінің пана болар корғаны, қамқор болар ақылманы, адастырмас оғланы ретінде суреттеледі. Өз заманының баһадүрі, жақсылық пен жарқын өмірді қөксеуші, «Ер Өтеген болған емес жайкесі, заманының ол да Асан Қайғысы».

Елдік мәселелері мен ерлік күрестерді, батырлық пен қаһармандықты жиі жырлаған Жамбылдың өзі өмір сүрген кеңестік дәуірдің шындығын, өмір шежіресін, ерлік онегесін де өлеңге қосқаны мәлім. Азамат және Ұлы Отан соғызы қаһармандарының ерлік рухын, қайраттылығы мен табандылығын дәріптеп, «Сұранышы, Саурық секілді, Болыпсың, балам, қаһарман» деп сүйсінеді. Майдандагы баласына, барша жауынгерлерге «Отанды сүй, Ел кадірін біл» деп ақыл айтады. Ел басына төнген кательден құткарап ұрпақтың бар екенін сеніп, олар жасаған ерлікті жаңа заманға сай көркемдік сипат дарыта отырып, өзгеше макаммен үн косады. Ерлік рух пен елдік мұрраттың тұтастығын, сейтіп, мәңгілік Елдін

мынгымайтын», калымайтын батырларына сөзбен ескерткіш орнатады. Бұдан өз үміт, арман жетегіндегі жаңа заманға лайық ақынның, Отан сақшысы немесе жауынгер ақын бейнесіндегі кейіпін байқаймыз. Ақынның елім деп соққан жүргегінің дұрсілі, өлең болып актарылған рухты сөздері соғыс шарпыған барша жұрттың қоңліп тасытты, мерейін асқактатты. Елге, жерге бөлмей, ортақ Отанның абыройын жырлап, ерлердің ерлігін, қаһармандық өнегесін жырга кости.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мактанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениниң
Сайын қыран, өренім!

Жамбылдың тақырыбы сан алудан көркемдік қуаты кемел поэзиясының ұлттымызды отансүйгіштік рухта тәрбиелей, елжанды үрпак өсіруге әр кезенде септігі тиіп келе жатқанын айтуга тиіспіз. Әсірелеу, Ел, жер кадірін сезінуге, ұлттың өткен тарихын ұлықтауга, өрлік пен ерлікті ту еткен батырларымызды дәріптеуге жетелейтін өлең жырлары ел итілігіне айналып, бүгінгі таңда да мәңгілік Елдің ертенін ойлар, келешегінің құңгірт, болашағының бұлнығыр болмауына алаңдар үрпактың ұстанымына айналып отыр. Ақын өлендеріндегі тұған жер, табигат суреттері түрлі көркемдік-бейнелеу құралдары арқылы жасалып, окушыны әсемдікке баулып, әдемілікке құштар болуға итермелейді. Дыбыс қайталаушылық, әпитет, тенеу, синтаксистік параллелизм, әсірелеу, дамыу тәсілдері үйлесім тауып, ақынның ойы мен сезімі астасып, шебер киуласады. Табигат тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, ақын айтар ойымен, идеясымен жылдасып, бірігіп кеткен. Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне жетік, ежелгі дәүірден келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын шебер менгергеп ақын ондағы сарындарды да жаңашылдықпен игеріп, сәтті стильмен өрнектеген. Лири-әпостық дастандарда, батырлар жырында жиі кездесетін тенеу, әсірелеудің үлгілері Жамбылдың табигат таңудағы ұстанымымен ұштасып, әдемі үйлесім тапқан.

Оғап ақынның сонында қалған мол әдеби мұрасы, елдік мұдде мен өрлік дәстүрді, идеяны арқау еткен жырлары дәлел. Жалан ұрандамай, накты жырлайтын, келте сөйлемей, дәстүрлі жыр үлгісімен ұзагынан төгілетін дестелі жыр үлгілері кестелі өрнекпен, шешен тілмен әдіппеліп, шұғылалы, көркем өлең шумактарына айналған.

Жамбылдың тағдырдың тезінен, уақыттың сұрыштауынан өткен жауһар жырлары бүгінгі таңда да Мәңгілік Ел ұстанымын бағдар еткен ел болашағына қызмет етеді бермек.

Ақын өлендерінің тақырыптарын, жанрлық ерекшеліктерін, идеялық мазмұнын, көркемдік, поэтикалық қуатын, ондағы әдеби-теориялық ұғымдарды жете түсіндіру барысында окушылардың көркем әдебиеттің мән-манызын, тәрбиелік мәнін терең түсінуге, жете ұғынуға жол ашылады. Ақынның тұған елге, өскен өнірге, атамекеніне, елдік мұдде мен өрлік рухка арналған өлендерін оқыту арқылы жас үрпак санасына Мәңгілік Ел идеясына адалдықты, оның елін, жерін суюге, өрлікті бағалауга, қаһармандықты үлгі етуге деген отаншылдық сезімді қалыптастыруға болады. Тұған елге, жерге, табигатқа деген сүйіспеншілікті көркем шығарма арқылы ояту, тәрбиелеу мәселесі бүгінгі заман оқушысының дүниетанымына да аса қажет. Көркем туындының тәрбиелік мәніне, парасаттықка, ізгілікке ұмтылдыру синатына, рухани-адамгершілікке жетелейтін қүшіне күмән келтірмесек, онда Отан-Ана, өрлік, қаһармандық тақырыбы да өміршен, оқырман ұстанымын қалыптастыруға, оқушы зердесіне сәулө шашуға септігі зор мәселе ретінде өзекті болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ісемайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 240 бет.
- 2 Келімбетов Н. Қазак әдебиетінің бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 бет.

3 Үмбетаев М. Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тариҳи негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 133 бет.

4 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 бет.

Творчество Джамбула Джабаева, выдающегося представителя народной поэзии, традиционного искусства жырау, занимает особое место в казахской литературе. Литературное наследие поэта, его поэтическое мастерство и импровизаторский талант стали предметом множества исследований.

В статье рассматриваются его стихи и поэмы, раскрывающие тему отваги, мужества, героизма, так как эти произведения являются самой значимой, существенной частью наследия поэта. Эти стихи имеют важное значение в воспитании сегодняшнего поколения. В стихах и поэмах, песнях и айтысах Джамбула воспеваются история страны, героические подвиги людей. Идея воспевания героической традиции народа, идущая из глубины веков как образец художественной традиции, все чаще проявляясь в творчестве поэта, развивается в новой новаторской манере.

Вместе с тем, в статье уделено внимание и героическому прошлому, жизненной реальности советской действительности, свидетелем которой был сам Джамбул, часто прославляющий героизм и мужество.

В конце статьи делается акцент на значении произведений великого поэта в становлении идеи «мангілік ел», а также в развитии будущего поколения.

The works of such an outstanding representative of folk poetry, of traditional art zhyrau as Zhambyl Dzhabayev take a special place in Kazakh literature. His literary heritage, poetic skills and improvisatory talents have been the subject of many studies.

This article talks about his poems that reveal the idea of courage, bravery and heroism, as these works are the most essential part of poet's heritage. These works are important in upbringing of today's generation. In his songs, poems and aityses Zhambyl tells the history of his country and praises people's heroic deeds. The idea of revealing people's heroic actions, which is an example of tradition that comes from old times, that appears more in his works, starts to develop in a new and innovative way.

At the same time, in the article it's been also told about the heroic past and his life in Soviet Union.

In the end of the article it focuses on the significance of great poet's works in the development of the idea of "Mangilik El", as well as in the development of future generations.